«Бекітілді»
«Зере» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі: Қузенбаева У.Б
02.09 2025 ж.

«Зере» бөбекжай - балабақшасының
10 топтағы ата-аналар жиналысы
2025-2026 оқу жылы

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.«Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» баяндама 2.«Бала тілі - бал» пікірталас 3.Психолог кеңесі «Баланыз балабақшаға қандай көңіл-күйде келеді?» 4.Медбике кеңесі	Қыркүйек	Тәрбиешілер Психолог медбике
2	1.Ата-аналармен балалардың бірлескен көрмесі «Қысқызығы» 2. «Тілектер күні» күні 3.Психолог кеңесі «Бала жағымсыз әрекетті қайдан үйренеді?» 4. Медбике кеңесі «Ковидтен сақтану жолдары»	Желтоқсан	Тәрбиешілер Психолог медбике
3	1.«Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» кеңес 2.«Ата-аналарға арналған 10 кеңес» кеңес 3.Психолог кеңесі «Баланы үйде оқытуды қалай ұйымдастыруға және үрейге ұшырамауға болады» 4.Медбике кеңесі «Тазалық-Денсаулық кепілі»	Наурыз	Тәрбиешілер Психолог медбике
4	1.Ата-аналарды жазғы маусымның шынықтыру жұмыстарымен таныстыру. 2.Білім көрсеткіш мониторингтерімен таныстыру 3. «Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы» кеңес 4.Медбике кеңесі «Иммунетті көтеру кезеңдері?»	Мамыр	Тәрбиешілер Психолог медбике

«Зере» бөбекжай балабақшасы

ересек "Еркемай" тобында өткізген ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №1

Өтілген күні:24.09.2025ж.

Қатысқан ата-аналар саны: 17

Қаралатын мәселелер:

1. «Бал мекенім балабақшам» ата - аналарға балабақшаның жылдық жоспарымен(5дағды бойынша), күн тәртібімен таныстыру.
2. «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» баяндама.
3. «Бала тілі-бал» пікірталас
4. Ата - аналармен тренинг.
5. Медбике кеңесі

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Камшат Серікбайқызы сөз бастады.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар біздің «Зере» бөбекайжай-балабақшамызға, «Еркемай» тобына 2025-2026жж алғашқы жиналысқа, қош келдіңіздер! Сіздерден өтініш орындарыңыздан тұрып бір - бірімізге жылулық шеңберіне келсеңіздер.

Таңертеңгі 08-00-ден бастап,кешкі 18-00-ге дейін бала тәрбиешінің қарауында болады. Балабақшадағы бала тәрбиесінің күн тәртібі 12-сағатқа шамаланған.

Ата-аналарды күн тәртібі мен таныстыру, ондағы ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттері бойынша мағлұмат беру. 5 дағды бойынша бөлімдерімен толық таныстыру.

Ата-аналарға әр-бір баланың өз "Портфолиосы" болу қажеттілігін айтты. "Портфолио"-бұл балалар жұмысы және оның өзінің жеке жетістік портфелі. Тәрбиеші ата-аналармен бірлесіп жеке папкаға балалардың салған суреттерін, шығармашылық жұмыстарын, фотоларын, жинастырады. Бұл материалдар бала тұлғасының, өсу динамикасының жағымды өзгерістерінің көрнекі үлгісі болып табылады.

«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбында баяндама оқылды.

Балабақша медбикесі:Алинова Маржангүл Құланқызы балалардың денсаулығын сақтау,дұрыс тамақтану,жеке бас гигиенасы туралы қысқаша мәлімет берді.

Тренинг өткізілді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

Ата-аналар балаларды таңертең балабақшаға уақтылы алып келу.
Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
Ата - аналар балалар портфолиосын дайындап беру.
Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.
Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында тәрбиеші мен медбикенің айтқан нұсқаулықтарын орындау.

Тәрбиеші:_____ Дуйсебаева Камшат Серикбаевна









"Еркемай"тобы





«Зере» бөбекжай балабақшасы

ересек "Еркемай" тобында өткізген ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №2

Өтілген күні:10.12.2025ж.

Қатысқан ата-аналар саны: 13

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы тазалық пен тәртіп туралы.
2. Балабақшадағы төлемақысы.
3. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шаралары;
4. Ата - аналармен тренинг.

Балабақшадағы тазалық пен тәртіптің маңыздылығын және жеке бас гигиенасын сақтау,киімдерін таза,әрі жинақы болуы,орындау туралы мәселе бойынша тәрбиеші: Камшат Серікбайқызы сөз бастады.

Тәрбиеші: Умида Сайпадинқызы жаңа жыл мерекесі,ертеңгілікті,өткізілу уақыты,балалардың киімі,балаларға берілетін сыйлықтар жайлы атап өтті.

Тренинг өткізілді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

Ата-аналар балабақшаның төлемақысын уақтылы төлеу.
Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.
Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында тәрбиеші мен медбикенің айтқан нұсқаулықтарын орындау.
Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдері мен сыйлықтары ата-аналарға жүктелсін.
Жаңа жылдық ертеңгілікке белсенді қатысу.

Тәрбиешілер: Дуйсебаева Камшат Серикбаевна

Кожаева Умида Сайпадинқызы



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ



Хаттама №3

19.02.2025 жыл

Қатысқаны: 19
Қатыспағаны: 6

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы II тоқсанның жетістігі және кемшілігі.Мониторинг.
2. 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
3. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні.
4. «Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел

Тыңдалды:

Топ тәрбиешілері аналарды, әжелерді 8-наурыз мерекесімен құттықтады.Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші Кожаева Умида Сайпадинкызы балалардың II тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда, деңгейі біршама көтерілген, яғни балалар өз еркімен киінуді, киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды, сәлемдесуді, қоштасуды үйреніп, жақсы-жаман қасиеттердің ара жігін ажырата алуды меңгерді.Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді. Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды. Тақпақтарды, қысқа өлеңдерді жатқа айтады.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешілері ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы -наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті.
8-наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап косюмдердің тігіліп жатқанын айтты. Балалардың барлығы тақпақтар айтып, ән салып, би де билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырды.

22-наурыз-«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті.Балалар тақпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді.Мерекеде балалар наурыз көжеден дәм татады.

Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. «Алғашқы ұстаз - ата-ана» атты тақырыпта ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салды. Пікірталас соңында, қорытынды есебінде тәрбиеші ата-аналарға «Алғашқы ұстаз – ата-ана» баяндама оқып берді.

Қаулы:

1. Топ балаларымен одан әрі қарай да жұмыс жасалсын.
2. Әр бала мерекеге сәйкес киіндірілсін.

Тәрбиешілер: Кожаева У.С.
Дуйсебаева К.С.



«Еркемай» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының

Хаттамасы №4

Күні : 29.04.2025жыл

Қатысқандар: 15 ата-ана

Ағымдағы мәселелер:

1. 2024-2025 оқу жылының қортындысы
2. Тазалық мәселелері
3. Жаз мезгіліндегі жүргізілетін жұмыстар

Тыңдалды тәрбиеші Кожаева У.С.: 2024-2025 оқу жылына «Еркемай» тобы ортаңғы топ болып қабылданды. Демек, 3 жастан кейінгі кезең сәбилік кезеңнен мектепке дейінгі өту кезеңі деп есептеледі. Осы кезде бала заттармен өз бетінше әрекет етуге талпынады, бірақ әлі де болса үлкендер тарапынан қамқорлық күтеді. Сөйлеуі дұрыс дамып жетілуіне байланысты, сөзі анық емес, түсініксіз болады.

3 жастан жоғары қарай сөздік қоры дамып, өзінің ана тіліндегі барлық сөздерді меңгеріп, түсінеді, тілдік қарым-қатынасы жоғары сатыға көтеріледі. Ойлауы көрнекі амалдық, бейнелік болып, кейбір мәселені өздігінен шешіп ой қорытындысын шығара алады. Баланың санасының мазмұны күрделеніп, 3 жастың соңына қарай мазмұндық рөлдік ойындар ойнайды.

Қортынды ретінде алсам балаларымыз үлгілік оқу бағдарламасындағы барлық дағдыны өз бойына сіңірген деп есептейміз. 2 тәрбиешінің де ашық ұ.і.ә. жоғарғы деңгейде өткіздік, балалар өзінің деңгейін дәлелдеді.

Тыңдалды тәрбиеші Дуйсебаева К.С. : Мектепке дейінгі мекеме – бұл сәбилердің денсаулығы мен қауіпсіздігі басты басымдық болып табылатын ерекше кеңістік. Сондықтан балабақшадағы тазалық пен тәртіпке тексеруші инстанциялар тарапынан қатаң талаптар қойылады. Тұрақты және дұрыс тазалау тек формальдылық емес, балалардың сау дамуы үшін қажетті шарт болып табылады. Неліктен ҚР мектепке дейінгі ұйымында тазалауға көңіл бөлу маңызды? Мұның бірнеше негізгі себептері бар: Денсаулық. Тазалық инфекциялар мен аурулардың таралуын болдырмаудың негізгі факторы болып табылады. Үнемі тазалау балалардың денсаулығына қауіпті болуы мүмкін шаңды, кірді, бактериялар мен вирустарды кетіреді. Қауіпсіздік. Таза және реттелген балабақша – бұл ойын және даму үшін қауіпсіз кеңістік. Қоқыстардың, өткір заттардың және басқа да қауіпті факторлардың болмауы жарақат алу мен жазатайым оқиғалардың қаупін азайтады. Жайлылық. Таза және жайлы балабақша балалар мен қызметкерлер үшін жағымды атмосфера тудырады. Бұл жақсы көңіл-күйге, зейінді шоғырландыруға және үйрену мен ойнауға деген ұмтылысқа ықпал етеді. Жоғарыда айтылғандардан басқа, тазалау оқу үдерісінің бір бөлігі бола алады. Балаларды гигиена ережелеріне үйрету және бірге тазалықты сақтау арқылы біз олардың қоршаған әлемге деген жауапкершілігі мен қамқорлығын қалыптастырамыз.

3 мәселе бойынша тыңдалды Кожаева У.С. : Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:
- балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту;
- балалардың спорттық іскерліктерін дамыту және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу.
Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән беріледі.
Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Шешім етеді:

1. 2024-2025 оқу жылының қортындысы жасалынды;
2. Тазалық мәселелері түсіндірілді;
3. Жаз мезгіліндегі жүргізілетін жұмыстар талқыланды.

Тәрбиеші: Кожаева У.С.
Дуйсебаева К.С.





“Еркемай” тобы
29.04.2025ж

